«Тоқмансай негізгі мектебі»КММ

№8

Педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді

Қатысқандар: 17
Кеңес төрағасы-Г.К.Тулепова
Хатшы- Г.К.Нурмагамбетова
Күн тәртібінде:
«Тоқмансай негізгі мектебі»КММ мемлекеттік аттестаттау нәтижесі туралы
Өткізілген күні: 26.06.2024ж.

Тыңдалды: мектеп директоры Г.К.Тулепова Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшерттарын бекіту туралы» №486 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа ала отырып мектеп қызметін өзін-өзі бағалау бойынша құжаттар жинақталып уақытылы ұсынылды.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының, «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы желтоқсанындағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымының тізбесі негізінде, 17-21 маусым аралығында мемлекеттік аттестаттау өткізді. Аттестаттау қорытындысы бойынша мектеп білім беру қызметі мемлекеттік міндетті білім беру стандартының талаптарына сай келмейді деп бағаланған. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы 21 маусымындағы №93 хаттамасының шешіміне сәйкес кемшіліктерді -2024 жылғы 21 қарашаға дейін жою ұсынылды.

Кемшіліктер мен ескертулер

1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.3 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені шағын орталық тәрбиешісі Г.Данаева бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттырмаған (еңбек өтілі 12 жыл)

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 11.2 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені балаларды қабылдау және шығару туралы бұйрықтардың көшірмелері, қозғалыс журналы ұсынылмаған.

3. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына «Kundelik.kz» электрондық журналы мектеп сайтына жүктелмеген.

4. Бастауыш, негізгі білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 12.9 тармағы талаптарына сәйкес келмейді, өйткені, 2023-2024 оқу жылында «Bilim klass» электронды журналында 1,4-сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсының тек 3 сағаты ғана өткізілген. Қалған 3сағаты кіріктірілмеген. Ал 5-сыныпта, 6-сыныпта, 7-сыныпта, 8-сыныпта да «Жолда жүру ережелері» оқу курсы тәрбие сағаттарына кіріктірілмеген.

5. Бастауыш, негізгі білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 12.10 тармағы талаптарына сәйкес келмейді., өйткені, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 (өзгертілген 2024 жылғы 27 ақпандағы №47) 4,11-тармақтарын талапқа сәйкес орындау, мектептің тамақтану объектісі бойынша 11 қосымшаның мәліметі ұсынылмаған

Шешім:

1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.3тармағы талабына сәйкес келмегендіктен шағын орталық тәрбиешісі Г.Данаева біліктілік санатқа өтініш беруін ДОІЖО-на тапсырылсын;

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 11.2 тармағы талабына сәйкес орындау мақсатында балаларды қабылдау және шығару туралы бұйрықтардың көшірмелері, қозғалыс журналы талапқа сай орындалып ұсынылсын;

3. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына «Kundelik.kz» электрондық журналы мектеп сайтына жүктелмеген. «Kundelik.kz» электрондық журналының дұрыс сақталуын қамтамасыз етпегені үшін ДОІЖО-на ескерту беріліп, тәртіптік жаза қолданылсын;

4. Бастауыш, негізгі білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 12.9 тармағы талаптарына сәйкес келмейді, өйткені, 2023-2024 оқу жылында «Bilim klass» электронды журналында 1,4-сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсының тек 3 сағаты ғана өткізілген. Қалған 3сағаты кіріктірілмеген. Ал 5-сыныпта, 6-сыныпта, 7-сыныпта, 8-сыныпта да «Жолда жүру ережелері» оқу курсы тәрбие сағаттарына кіріктіру, электронды журналға уақытылы енгізу туралы класс жетекшілерге ескерту, түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Журналдың уақытылы толтырылуын қадағалау ДТІЖО Э.Қ. Нурмагамбетоваға жүктелсін.Кемшілікке жол берген класс жетекшілерден түсініктеме алынсын;

5. Бастауыш, негізгі білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 12.10 тармағы талаптарына сәйкес келмейді., өйткені, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 (өзгертілген 2024 жылғы 27 ақпандағы №47) 4,11-тармақтарын талапқа сәйкес орындау, мектептің тамақтану объектісі бойынша 11 қосымшаның мәліметі ұсынылсын;

Мектеп директоры: Г.К.Тулепова

Хатшы: Г.К.Нурмагамбетова